

алғышарт етіп, ұтымды түрде ала білген. Ешуақытта тоқтауды немесе дамылдауды білмейтін, оңды-соңды ағысып жатқан поездар сияқты Өмір атты ұлы көш-керуенде жоғалмас үшін, із - түзсіз кетпес үшін Дүрияның арпалысуы, жанталаса қимылдауы еш сөкеттікке жатпайды. Ол – жиіркеніп айтқан «қақпас» сөзі Дарханға ғана арналып тұрған жоқ, мына жарық дүние-пәни жалғанға небәрі бір-ақ рет келетін адамның өз еркінің өзінде болмауына әмір етіп тұрған әлде бір дүлей күшке бағытталған қарғыс. Дүрия бар наласын, реніші мен мұңын Дархан арқылы Адам ғұмырынан тыс тұрса да, оған билігін жүргізіп тұратын әлде бір күшке арнаса, бүгінгі уақыт аясында өткеніне үңілуде. Бүгінгі уақыт емес, кешегі уақыт арпалысқа, күреске, тартысқа толы еді. Және сол кешегі уақытта тағдыр оны Гүлиямен табыстырды. Кешегі уақыттың тағылымы Дарханға өмір туралы, адамның өмір сүрудегі негізгі мақсаты туралы бүгінгі күні ойлантып тұр. Бастан кешкен алуан түрлі жайттар романның сюжеттік желісіне түрлі драмалық коллизияларды ұтымды орналастыруға мүмкіндік берген. Ал, бұл жайт «Адам. Ол кім? Ол не үшін ғұмыр кешеді? Оның өмір сүрудегі мақсат - мұраты не? Жалпы, Адам өмірінің мән-мазмұны неде?» деген философиялық сауалдарға жауап іздеуімен ерекшеленіп тұр. Шығармада Дүрияның: «...Ол мені менсінбеу арқылы өзіне құл етті. ...Ол соғысты да жеңді. Бірақ өзін-өзі жеңе алмады, жазған. Дарханды аяйтын едім. Байғұс күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырылып жұмыс істеп, бәр-бәрін бітіріп кетем деп ойлады. Тіршіліктің мәні – тек жатпай-тұрмай еңбек ету ғана емес, семья құру, ұрпақ қалдыру, көңіл көтеру екенін кеш ұқты. Ол – шын қуана да, шын қайғыра да алмады», – деп уақыттан қорыққан Дарханды жазғыруында шындық бар [2, 381]. Уақыттан қорыққан Дарханның іс-әрекетін: «Қорқыныш дүниені басқаруда. Билік өз табиғатында қорқытуды қолданады. Адамзат қоғамы қорқытумен құрылған. Сондықтан ол жалғандықтан жасалған, себебі қорқу жалғанды тудырады. Бірде дені сап-сау адамның кейпінде көрінсе, бірде кірмелі-шықпалы есі бар Дүрияның жоғарыдағы толғамы өзінің азды-көпті ғұмырында көкейге түйген философиясы. Кейіпкер толғамы драматизмнің коллизиялық формасына негізделген. Дүрия аз-болсын, көп болсын, жақсылықты да, жамандықты да көрген адам. Ол кешкен ғұмыр күрделі. Сәби көре алмады. Қамбар майданда мерт болды. Осынау ғұмырындағы түрлі жағдайлар Дүрияны драмалық коллизиялар биігіне көтерген.

Қорыта айтқанда, қайшылықты өмірде, таластартысы мол өмірде ізгілік пен зұлымдық кез келген адамның жан дүниесінде шарпысып жатады. Бұл соғыс-күрес өмір ағымында алма-кезек үнемі ауыспалы жеңіспен жалғаса береді, бірақ біреуінің толық ығысуымен аяқталуы мүмкін. Мұның өзі адам жанына қоғам қайшылығына, өмір тереңіне тән драматизмге үңілген жазушылар ұстанымын да әр қырынан таразылауға мүмкіндік береді. Әлем әдебиетіне, соның ішінде қазақ әдебиетіне де тән бұл сипат ұлттық сөз өнерінің де адамзаттық проблемаларға терең бойлағанын көрсетеді деуге негізді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Токбергенов Т. Қос қағыс. Мақалалар мен портреттер, Алматы, 1981, 203 б.
- 2.Бөкеев О. Өз отынды өшірме, Роман, Алматы, 1981, 384 б.
- 3.Жанұзақова Қ.Т. Оралхан Бөкеев прозасындағы романтизм, Филол. ғыл. канд. дәреж. алу үшін дай. дисс. авторефераты, Алматы, 1990, 27 б.
- 4.Көзбеков Ө.А. Оралхан Бөкеев прозасының поэтикасы, Филол. ғыл. канд. дәреж. алу үшін жаз. автореферат, Алматы, 1997, 22 б.
- 5.Жалелова Г.Ж. Проблема личности в прозе Оралхана Бокея, Дисс. на соискание ученой степени канд. фил. наук, Алматы, 1999, 149 с.

Ж.ӘБДІРАШЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЭПИГРАММА ЖАНРЫ

*Төлеубаева Г.А., №3 гимназиясы,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазкен А.Б., студент
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Эпиграмма (көне грекше: ἐπίγραμμα «қолтаңба») – белгілі бір адамды, затты, болмыс-құбылысты әзіл тұрғысынан бағалайтын сатиралық поэзияның шағын жанры.

Эпиграмма жанры әр кезеңде де қазіргі оқиғаға, автордың көз алдында өтіп жатқан көріністерге

арналады. Эпиграмманың тағы бір қасиеті - ол әрқашанда ақынмен замандас адамға арналып жазылатындығы. Ертедегі қазақ айтыскер ақындарының көптеген айтыстарда, әсіресе, қыз бен жігіт, бәдік айтыстарында әзілге бару, қарсыласын уытты сөздермен кекетіп-мұқату тәсілдері көп кездесетін. Лириканың осы түрінің негізін қалаушы Гай Валерий Катуллдың айтуынша, «Ақынның жүрегі таза болуға тиіс, бірақ жырлары өзгеше болуы мүмкін».

Сондай-ақ эпигондар қысқа жазудың, белгілі ойды емеурінмен, тұспалмен түсіндіру құралы. Эпигондар алғаш ертедегі Грекияда сентенциялық қысқа өлең түрінде пайда болып, кейін элегия жанрымен бірікті де, элегиялық дистих деген атауға ие болды. Эпигондар фактісі мен нысанына қарай нақты және шартты; сынап-мінеу, суреттеу дәрежесіне қарай сатиралық, юморлық және жағымды эпигондар болып бөлінеді. Ал қозғайтын тақырыбына қарай әдеби, саяси және тұрмыстық эпигондарлар болып үш топқа жіктеледі. [1]

Эпигондар жанры әлем әдебиетінде бұрыннан бар және қазір де кездеседі. Латын әдебиетінде Эпигондар осы күнгі сипатқа ие болып, Катулл, Марциал (б.з.б. 2 – 1 ғ.) шығарм-ның негізгі өзегіне айналды. 17 – 19 ғ. Ж.Расин, Ж.Лафонтен, Вольтер, Ж.Б. Руссо, Г.Э. Лессинг шығармаларынан бой көрсетті. Орыс әдебиетінде А.П. Сумароков, И.И. Дмитриев, В.Л. Пушкин, П.А. Вяземский. Ал қазақ әдебиетінде эпиграмма жанры дегенде біздің ойымызға Абай, Мағжан келері хақ. Алайда, XVIII ғасырда өмір сүрген Шал, Жанак ақындардың шығармашылығында кездеседі десем артық айтпас едім. Бұл орайда Жанак ақынның « Керімбай болысқа», « Бәкі төреге», « Рүстем төреге» айтқаны нағыз эпиграммалық туынды:

Жазықсызға тартқыздың жазаны да,
 Былықтырып былғадың тазаны да.
 Адал тамақ өтпейді тамағынан.

Ұрлық етіп салмасаң қазаныңа, - деп Рүстем төреге айтқаны, берген мінездемесі Абай үнімен үндесіп жатқандай. [2]

XX ғасыр мен қазіргі қазақ әдебиеті дегенде бұл жанрда қалам тартқандар деп, біз А.Тоқмағамбетов, Ә.Тәжібаев, Ш.Смаханұлы, Ж.Әбдірашев, К.Әмірбеков, т.б. атаймыз.

1970-жылдары қазақ поэзиясына өзіндік үн, ерекшелігімен келген ақындардың қатарында Жарасқан Әбдірашев есімі ерекше аталары хақ. Ақын лирикасына тән ерекшелік асқақ пафос, өр екпін, шешендік толғамдар. Өзін мазалаған ойлары да оның өлең жолдарынан әркез табылып отырды.

Жарасқан Әбдірашев 1948 жылы Қызылорда облысы Арал ауданы Аманөткел ауылында дүниеге келген. 1969 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. «Лениншіл жас» газетінің әдебиет пен өнер бөлімінде, «Жалын» альманахының поэзия және сын бөлімінде редактор, «Жұлдыз» журналының сын бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған. 21 жасында КСРО жазушылар одағының мүшесі болды.

Жарасқан Әбдірашев туралы зертеуші-ғалымдар өз пікірлерін білдіріп келеді. Б. Майтанов: « Еркіндей басып, еркелей келген дарынды жас Жарасқан Әбдірашев болатын» дей келе, ақынның шеберлігі мен поэзиясының тілін айта кетеді. Жарасқан Әбдірашев эпиграммалары «Әзілің жарасса...» деген атпен 1989 жылы басылып шықты. Кейіннен 2001 жылы шыққан «Құлпытас» жинағына енді. Ақын эпиграммаларында қаламдастар болмысы мен мінезі кейде уытты әзіл, кейде ащылау сықақ арқылы өрнектеледі. Мысалы, Әбіш Кекілбаевқа

Шекспир мен Данте - ағасы,
 Қақпас шетке қары сынбай.
 Пушкиндердің – парталасы,
 Толстойдың танысындай.
 Жер жүзілік жыр көгіне,
 Аполлонша алады ұшып.
 Шүкір дейсің жүргеніне,
 Жұртпен бірге тамақ ішіп.

Ал, Олжас Сүлейменов жайында оның ақындығы, білімділігі, орысша жазатын ақын болса да ұлт жанашыры екені анық аңғарылады:

Кеткен аты-атағы, даңқы жырақ,
 Сондай жақын дәстүрі, салты бірақ,

Қаны тамған қазақтың ақыны бұл,
Орысшасы Абайдан артығырақ.
Беделінің алдында байпаң қағып,
Бас иеді біреулер жай таң қалып.
Өліп-талып түсіндік өлеңдерін,
Қадыр ақын бергенде қайта аударып.

Хамит Ерғалиев туралы:

Жалған айтып ендеше
Жалпылдама делбеше,
Естімеген ешкімнен

«Сөз» естігің келмесе –

дейді. [3] Эпиграммаға керегі – сөзді ойната білу, тапқырлық, қысқа да болса нұсқалық болса, осы шарттар толығымен Жарасқанда Әбдірашевта сәтімен үйлескен.

Әбдіжәміл Нұрпейісовке

«Қан мен терді» сарылып та сарғайып,

Жазуыңда бар ма кінә, бар ма айып?!

«Сеңнен» кейін кітап күтіп тағы да,

Жылдар бойы сең соққандай болмайық...

Өндеу,

Жөндеу,

Түзеу,

Күзеу – салтыңыз,

Соныңызбен барады өсіп нарқыңыз.

Жалықпайсыз сіз қайтадан жазуға,

Қайта оқудан жалықпай ма халқыңыз?.. [3]

деп-, Әбдіжәміл атамыздың шығармашылығы туралы сөз қозғайды. Бұл берілген жолдарда ұйқас орынды қолданылып, әсерлі берілген. Сол себептен жеңіл оқылып, ойда сақталып қалады. Түп тамыры антикалық әдебиеттен басталатын бұл жанр, ақынның өзі сипаттағандай «ежелден мәдениетті Еуропа поэзиясына жеңіл қалжыңның желбегейін сыпырып тастап, сатираның жалаң қылышын жанына байлаған жалаңтөс батырлығын байқата келген. Оның бұл мінезін барынша дамытып, халық алдындағы абыройын аяққа бастырмай, керісінше, асқақтап, көтергендердің бірі өзі болды.

Ақынның соңғы мұрасы – «Құлпытас немесе екі дүние: фәниден бақиға дейін...» атты жыр кітабы. Ұлттық поэзиямызға үлкен жаңалық болып қосылған бұл жинақтағы эпитафиялық өлеңдер ақын қаламына тән рух асқақтығын барынша айқын танытты. Қайсарлық пен туралылық, тәкаппарлық пен ірілік, шешендік толғаныс – осының бәрі бірігіп келіп ақынның өзіндік стилін нақтылай түсті.

Жарасқан Әбдірашев тек эпиграмма жанрын өзектілендіріп, сол жанрда ғана қалам тартып қана қоймай, балалар әдебиеті мен аударма саласында көп еңбек атқарған. Ақын А.Пушкиннің, Р.Тагордың, К.Чуковскийдің, А.Бартоның, А.Блоктың жекелеген туындыларын қазақ тіліне аударған. Өзінің төл шығармашылығы да өзге тілдерге аударылған. Ақынның әр жылдары жарыққа шыққан жыр жинақтарына назар салғанда, үздіксіз ізденісті, шешендік үлгідегі поэтикалық сөз тіркестерін молынан ұшыратамыз. Терең сыршылдық, адамның ішкі болмысына үңіліп, оны бейнелеп, айшықтап көрсету тәсілі ақын лирикасында жаңаша қырымен түрленеді.

Халық тілінің бай мұрасынан сусындаған Жарасқан ақынның қай өлеңін алсақ та сұлу сарын мен шындық жымдасып жатады. «Адамда екі түрлі қылықтың жолы бар, бірі - тіршілік қамы, бірі – адамшылық қамы», - деген М.Әуезов. Ал сол адамшылық – Жарасқанның Әбдірашевтің азаматтық ұраны екенін өлеңінен аңғарсақ болады.

Біреуде бар,

біреуде жоқ –

қасиет көп адамда...

Сұрадың ба?

Сұрау керек

Ең бастысын одан да!
Қасиетсіз болмас кісі,
тартсаң бірақ тереңнен:
адам үшін
ең бастысы –

Адамшылық дер ем мен! – дейді ақын. [4]

Осы өлең жолдарынан өткен заманда да, қазіргіде де, болашақта да адамға керек, әр адам да болу керек басты қасиет – адамшылық. Адамды адам ететін де осы қасиет екенін де естен шығармауды осы тектес өлеңді оқып санамызға сақтаймыз. Заманымен бірге тұрып, бірге өрген Жарасқан Әбдірашев – егемен елдің жастарына ата сөздің асылын, ата салттың үрдісін салықалы жыр жолдары, құдіретті көркем сөз арқылы жеткізген, жаңа ұрпақты рухани биіктеу жолына бастаған мейірім-шапағаты мол ақын. Ақындығында ешкімнің дауы жоқ. Себебі қай өлеңін алсаңыз да халқына деген жанашырлық, ел қамын ойлағандықтан өлең жолдарымен жақсылықты, жақсы болуды насихаттаған ақынның соңында қалдырған мұрасы жетерлік. Жарасқан Әбдірашев – халық тіршілігімен қатар толғанған өзекжарды туындыларында туған дала тынысы мен туған тілдің құдіретімен үрдіс алған азамат ақын дәрежесіне көтерілді. Мұндай өрелі биіктікті алуда ақынға «көмекке келген» - көркем айшықты сөз, шұрайлы да шұғылалы ана тілі. «Айтқысы келген сырын, танытқысы келген шындығын жан тебіренер әсерлі суретке айналдырып, қағаз бетіне көңілдегі қалпынан айнытпай түсіру үшін ең қажетті бірден-бір сөз табу - шебер суреткердің қасиетті парызы» - деген З.Қабдолов.

Жарасқан Әбдірашев – қазақ әдебиетіндегі әзіл-оспақ, эпиграмма жанрын тың өріске шығарып, жаңа биіктерге көтерген ақын. [4] Жарасқан Әбдірашев туралы пікір айтқан ғалымдар мен сыншылар, ақындар мен жазушылар оның қазақ әдебиетінде жаңа бетбұрыс әкелгендігін атайды. Қазақ әдебиетіндегі эпиграмма жанры туралы айтқанда Ж. Әбдірашев есімі алдымен аталады. Себеп – бұл жанрдың ұлттық әдебиетімізде жанр ретінде тамыр жаюына ақынның үлесі зор болғандығында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл. ISBN 5-89800-123-9, X том
2. Қазақ әдебиеті: дайындық оқулық-тесті / Қ. Ибрагимов. – Алматы: Шың - кітап, 2012. – 165б.
3. Жарасқан Әбдірашев Әзілің жарасса, эпиграммалар – Алматы: Жалын, 1989ж.
4. Жарасқан Әбдірашев «Құппытас». Эпитафиялар, өлеңдер, поэмалар, эпиграммалар. А., «Атамұра», 2001ж.

ҚАЗАҚТЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІНДЕГІ ЗАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛАЛАРЫ

*Үрімжібай Жетібайұлы,
Іле педагогикалық университетінің профессоры,
ҚХР, ШҰАР*

Әдетте, адамзаттың саналы, мақсатты іс жүзіндік қыймылы арқылы өзі жасап отырған табиғатқа, қоғамдық ортаға үйлесу, одан пайдалану және оны өз тіршілігіне ыңғайлы етіп өзгерту барысында жаратқан барлық заттық байлығы мен рухани байлығының жыйынтығы мәдениет деп қаралады. Мәдениет жүйесінің өрісі аса кең болып, ол болмысы мен бітімі, негізі мен қызыметі сондай-ақ ішкі құрлымдық табиғаты қатарлы жақтардан ұқсамаған үлгіге топталып, ұқсамаған салаға жіктеледі. Мәдениет хронологиялық тұрғыдан ежелгі қауымдық мәдениет, дәстүрлі мәдениет және осызаман мәдениеті деп жіктелесе, кеңістік тұрғысынан шығыс мәдениеті, батыс мәдениеті, теңіз-мұхит мәдениеті, ұлы құрлық мәдениеті деп жіктеледі. Ал экономикалық негізі (шаруашылық формасы мен өнім өндіру тйіпі) тұрғысынан көшпенді дала мәдениеті, отырықшы егіншілік мәдениеті деп жіктелесе, ішкі құрлымдық табиғаты тұрғысынан заттық мәдениет, рухани мәдениет, қоғамдық түзім мәдениеті және салт-сана деп жіктеледі. Десе де, мәдениет пен мәдениетті жіктеудің жалпы